

«Атамекен»
экспедициясы –
Ақжайық өңірінде



9-бет

«Атқа арпа,
адамға арқа
керек»



13-бет

Тамұқтан
өткен
тағдырлар



14-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

№171 (30150) 10 ҚЫРКҮЙЕК, ЖҰМА 2021 ЖЫЛ

Жүз жылдық жиналма

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

Компанияның сегіз айдағы көрсеткіші баяндалды



Суретті түсіреді: А.ДІСЕНБЕКОВ, Г.ОМІРБЕКОВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚазТрансГаз» АҚ басқарма төрағасы Қайрат Шәріпбаевты қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «ҚазТрансГаз» компаниялар тобының биылғы сегіз айдағы өндірістік және қаржылық көрсеткіштері туралы баяндалды.

Қайрат Шәріпбаев Президентке өткен жылмен салыстырғанда магистральды тасымалдау көрсеткіші 14 пайызға өсіп, 65,4 миллиард текше метрге жеткенін мәлімдеді. Ұлттық оператордың табысы 8 айда 6 пайызға артып, 1,342 триллион теңге болды. Таза пайданың көлемі 55 пайызға өсіп, 304 миллиард теңгені құрады.

Мемлекет басшысына биыл отандық газ тұтынушыларды 158,8 миллиард теңгеге субсидиялау шаралары, сондай-ақ бюджетке 128,4 миллиард теңге көлемінде салық және басқа да төлемдер түскені жөнінде айтылды.

Қайрат Шәріпбаевтың мәліметі бойынша компанияның таза табысы отандық газ тасымалдау жүйесін қалыптастыру жағдайда ұстауға және борыштық жүктемесін азайтуға бағытталады. «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы сегіз ай ішінде 995 миллион доллар көлеміндегі кредиттік қарызын өтеген.

Мемлекет басшысына газ тасымалдау саласының инфрақұрылымын жаңғырту және дамыту жобаларын жүзеге асыру, атап айтқанда Маңғыстау облысының газ тасымалдау инфрақұрылымын реконструкциялау, «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральды газ құбырының екінші желісін салу, Қашағандағы газ өңдеу зауыттарының құрылысы, сондай-ақ «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамын цифрландыруға бағытталған іс-шаралар туралы баяндалды.

Президент елімізді одан әрі газбен қамтуға қатысты ұсынылған жобалар мен іс-шараларды қолдайтынын айтты.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Қайрат Шәріпбаевқа еліміздің газ саласын дамытуға бағытталған бірқатар міндет жүктеді.

Қандастар елге жеткізілді

Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли өзінің Facebook-тегі парақшасында кеше кешкісін Ауғанстаннан елімізге арнайы ұшақпен қандастарымыздың жеткізілгенін жазды.



«Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Ауғанстанда тұратын бір топ қандасымыз елімізге сәтті эвакуацияланды. Кабулдан Алматыға арнайы рейспен 35 қандасымыз, 4 Қазақстан азаматы және БҰҰ-ның

1 қызметкері жеткізілді. Президент дипломаттарымызға және игі істі ұйымдастыруға атсалысқан барлық ведомство қызметкерлеріне алғыс айтты», деп жазды Президенттің баспасөз хатшысы.

Жеделхат жолдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жеке өзінің және барша қазақстандықтың атынан Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонды, сондай-ақ бүкіл тәжік халқы Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен құттықтады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

– Бауырлас Тәжікстан бұл айтулы күнге халықаралық аренада маңызды рөл атқаратын беделді мемлекет ретінде жетіп отыр. Құрметті Эмомали Шәріпұлы, әлемдік қауымдастық Сізді мемлекеттілікті нығайтуға және ел азаматтарының әл-ауқатын арттыруға үлес қосқан, нағыз жалпыұлттық көшбасшы ретінде таныды, – деп жазды Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Тәжікстанмен ғасырлар бойғы достықты, өзара қолдау мен жан-жақты ынтымақтастыққа негізделген байланыстарды

нығайтуға баса мән беретінін атап өткен.

– Біз өзара күш жұмылдыра отырып, елдеріміз арасындағы көпжақты ықпалдастықтың қарқынды дамуына тың серпін бере аламыз және қазақ-тәжік стратегиялық серіктестігі мен одақтастығының көкжиегін кеңейтеміз, – делінген жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев Эмомали Рахмонның аса жауапты мемлекеттік қызметіне табыс тілеп, бауырлас Тәжікстан халқының өсіп-өркендей беруіне ниет-тестік білдірді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

М.М.Мырзағалиев туралы

Мағзұм Маратұлы Мырзағалиев Қазақстан Республикасының Энергетика министрі болып тағайындалсын, ол Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 9 қыркүйек
№ 655

Әкімнің есебін тыңдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаевтың есебін тыңдады. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Б.Уәли өзінің Фейсбуктегі парақшасына жазды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаевтың Байзақ ауданында болған төтенше жағдайдың салдарын

жою жөніндегі есебін телефон арқылы тыңдады.

(Соңы 2-бетте)

Босағасы берік отбасы – бірлігі бекем ел



Мейірім мен ізгілік салтанат құрған қоғамның бірлігі берік, тірлігі берекелі. Қоғамды осынау игілікке жетелеп отыратын адамгершілік қасиетті сіңіру, еңбекке баулу сияқты асыл дәстүр ең алдымен тәрбие ошағы – отбасынан басталады. Сондықтан да ең маңызды қоғамдық құндылық ретінде отбасын алға қоямыз. Елімізде жыл сайын қыркүйектің екінші жексенбісінде аталып өтіп келе жатқан Отбасы күні мемлекет тұрақтылығының тірегі – отбасы институтының қалпы бұзылмай, қадір-қасиеті кемімей, одан сайын беки түсуін мақсат тұтады.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бәсекеге қабілетті ұлт, әл-ауқаты артқан отбасы, білімді ұрпақ қалыптастыруға бағытталған сындарлы саясаты отбасылық институтты нығайтуға, ана мен баланы мемлекеттік қолдау бойынша бағдарламалық құжаттардың қабылдануына, осы бағытта тұтастай жүйенің құрылуына жол ашты. Елбасының Жарлығымен 2013 жылдан бері Отбасы күні мерекеленіп келеді. Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде «Отбасы – Қазақстан қоғамының дінгеі, экономикадағы, мәдениеттегі, әлеуметтік саясаттағы барлық жаңа жетістіктерінің негізі. Табандылық, еңбексүйгіштік, туған жерді қастерлеу, үлкенге құрмет және қонақжайлылық сияқты халқымыздың ең жақсы рухани-адамгершілік

құндылықтары берік отбасылық дәстүрлер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Отбасы күні осы ұлағатты мұраларымызды нығайтып, жұбайлық өмірдің жауапкершілігі мен балаларға, аға буынға ұдайы қамқор болудың маңыздылығын жастардың жадына сіңіре бермек», деген болатын.

Отбасы күні отандастарымызды ынтымаққа бастайтын, шын ықыласымен асыға күтетін жалпыхалықтық жарқын мерекеге айналды. Осынау мерекеде үйінде үйлесім салтанат құрған мерейлі отбасыларды үлгі етіп, дәстүрлі отбасылық құндылықтарымызды кеңінен дәріптеу мақсатында оқырман назарына мақалалар топтамасы ұсынылып отыр.

(Топтаманы газетіміздің 7-бетінен оқисыздар)

І ОРАҚ-2021

Астықты өңірдегі арпалыс

Көктемгі егіс уақтылы аяқталған. Үміт мол еді. Дикан қауым 5 047 мың гектар жерге дән сіңірді. Бұрыннан тусырап жатқан бос жерлер игеріліп, алқап көлемі 178,7 мың гектарға кеңейді.

Байкал БАЙӘДІЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Әйтсе де, көктем мен жаздың алғашқы айларында көктемнің, ылғал мүлде түскен жоқ. Алқапқа сіңірілген дән қылтып шыққанымен, бойындағы қуаты таусылған соң одан әрі көктемей қалды. Жаз ортасы ауа егіннің сабағы қатайып, масағы да бүрісе бітіп, дән кішірейді. Соңғы жылдары дәл мұндай ауыл шаруашылығы үшін қолайсыз жыл болмаған шығар. Ел байлығы есебіндегі алқапқа көзі түскен сайын диканның да, ырыстан дәмелі болып отырған өзге жұрттың да бойын биыл қалай болар екен деген күдік биледі. Кенезесі кепкен далаға қарап алаңқоңіл болған дикан қауым бүгінде егіннің жалғыз дәнін ысырап қылмай жинап алмақ болып жанталасып жатыр.

Дән қылтып шығысымен дәрілеу жұмыстары жүргізілді. Алқаптарда арагиді кездесетін арашөптер оталды. Көк егінге ош зиянкестермен күрес жүргізілді. Құрғашқылықтың

салдарынан пайда болатын әркілі аурудың алдын алуға тырысты.

Көңілді күдік билеген жазды өткеріп, алтын астық піскен күз де келіп жетті. Күзгі дала жұмыстарына 8,5 мың астық комбайны жұмылдырылды. Бір айта кетерлігі, облыс дикандары жыл

сайын машина-трактор паркін жаңартып, өнімділігі жоғары техника сатып алуда. Бұл астықты өңір үшін өте маңызды жайт. Таяуда Солтүстік Қазақстан облысының егістік алқаптарын аралап көрген кезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев агроөнеркәсіп кешенінің озық техникамен қамтамасыз етуі қажет екендігіне айрықша назар аударған болатын.

(Соңы 6-бетте)



ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ (НАРЫҚТЫҚ) БАҒАМДАРЫ:

EUR/KZT 504.2

USD/KZT 426.13

RUB/KZT 5.83

CNY/KZT 66.05

